

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 және "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 8 ақпандағы № 140 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 қаңтарда № 31608 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

8-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) құрылыс құнын есептеу, мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағаналау қағидаларына сәйкес Астана қаласында, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы салаларында объектілерді салу шеңберінде іске асыру жоспарланған пилоттық инвестициялық бюджеттік жобалар бойынша объектінің сметалық құнының лимитін есептеу нәтижелері туралы келісу-хат, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағаналау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген);";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. 111 "Еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстардың есептеулері Қағидаларға 2, 3, 3-1, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес 01-111, 02-111, 03-111, 04-111, 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111, 12-111, 13-111, 14-111 және 15-111 нысандары бойынша жасалады.

Көрсетілген нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде радиациялық зілзала аумақтарында тұрғаны және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақы есептелген кезде "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алған жөн.

01-111-нысан (2-қосымша) прокуратура органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, құқық қорғау органдарының, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесінің, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің, экономикалық тергеу қызметінің, қылмыстық-атқару жүйесі және кеден қызметі органдарының қызметшілерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған, олар бойынша тиісінше 12-111, 13-111, 14-111 және 15-111-нысандар толтырылады. Осы есептеулерді жасаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген санаттары бойынша мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміннің 2 бөлімін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 қбп қаулысын (бұдан әрі - № 646 қбп Қаулы) басшылыққа алған жөн.

02-111-нысан (3-қосымша) мемлекеттік саяси қызметшілердің, депутаттардың еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған.

02-111-нысан (3-1-қосымша) судьялардың, судьяларға кандидат тағылымдамадан өтушілердің еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған.

№ 646 қбп Қаулыны 03-111, 12-111, 13-11114-111 және 15-111-нысандар бойынша есеп жасаған кезде де басшылыққа алған жөн.

03-111-нысан (4-қосымша) төтенше және өкілетті елшілердің, шет елдегі мекемелер қызметкерлерінің еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған.

04-111-нысан (5-қосымша) мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

Осы есептеулерді жасаған кезде "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысын (бұдан әрі - № 1193 қаулы) басшылыққа алған жөн. Осы нормативтік құқықтық актіні 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111 және 11-111-нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде де басшылыққа алған жөн.

5-қосымша сондай-ақ 132 "Патронатты тәрбиешілерге еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін қолданылады. Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік салықты есептеу ерікті нысанда жасалады.

06-111-нысан (7-қосымша) мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

07-111-нысан (8-қосымша) әлеуметтік қамтамасыз ету мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

08-111-нысан (9-қосымша) мәдениет және мұрағат ісі мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

09-111-нысан (10-қосымша) дене шынықтыру және спорт мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

10-111-нысан (11-қосымша) мемлекеттік білім, жоғары білім және ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және мұрағат ісі, дене тәрбиесі және спорт мекемелерін, құқық қорғау органдарын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда, басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

11-111-нысан (12-қосымша) мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

11 және 12-қосымшалар сондай-ақ 131 "Техникалық персоналға еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге қолданылады. Осы есептелерді жасаған кезде № 1193 қаулыны басшылыққа алған жөн.

12-111-нысан (13-қосымша) прокуратура органдары қызметкерлерінің (Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы, округтар, гарнизондар мен әскерлер әскери қызметшілерін қоспағанда, олар бойынша 13-111-нысан толтырылады) жалақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

13-111-нысан (14-қосымша) ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқарушы жүйесі органдары қызметкерлерінің еңбекақысына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда 14-қосымша қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын құқық қорғау органдары, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің саны көрсетіледі, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақы сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы лауазымдық жалақының жалпы сомасының 15 пайызынан жоғары болмауға тиіс.

14-111-нысан (15-қосымша) әскери қызметшілерге еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда 15-қосымшада қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын әскери қызметшілердің саны, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақының сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі үшін лауазымдық еңбекақылар бойынша жалпы соманың 25 пайызынан жоғары болмауға, басқа органдар үшін – 15 пайыздан жоғары болмауға тиіс .

12-111, 13-111, 14-111-нысандары бойынша еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу кезінде "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 қбп Жарлығын және № 646 қбп Қаулыны басшылыққа алған жөн.

15-111-нысаны (16-қосымша) жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің лауазымдық жалақысы бойынша шығыстарды есептеуге арналған.";

82-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өтінім берген шығыстарды оның негізділігі тұрғысынан қарау бөлігінде өткен қаржы жылындағы республикалық тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне Жоғары аудиторлық палата мен облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары берген қорытындылар мен ұсынымдарды ескереді;"

83-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары аудиторлық палатаның бюджеттік өтінімі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қарау үшін жіберіледі, ол оған қорытынды дайындайды және өзгерістер енгізбей республикалық бюджеттің жобасына енгізеді.";

көрсетілген Қағидаларға 23 және 24-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпанындағы № 140 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16409 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау қағидаларында:

көрсетілген Қағидалардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау қағидалары";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының жеткізілген лимиттері шегінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі өз қызметінің басымдықтарын, ұлттық жобаларды іске асыруды ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстарды дербес бөледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде:

1) тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың мақұлданған болжамы;

2) ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының бекітілген (нақтыланған) көлемі;

3) тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының бекітілген көлемі;

4) алдыңғы және ағымдағы қаржы жылдарында бюджеттік бағдарламалардың орындалу қорытындысы;

5) бюджеттік инвестицияларды іске асыруды бағалау қорытындысы;

6) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепке Жоғары аудиторлық палатаның (жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепке облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының) қорытындылары мен ұсынымдары;

7) ұлттық жобалардың іс-шаралары;

8) Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет жобасы шығыстарының негізгі бағыттары бойынша оны алдын ала бағалауы;

9) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелер есепке алынады.

Ұлттық жобаларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, өзге де Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары есепке алынады.";

20-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары.

Тұрақты сипаттағы ағымдағы шығыстар:

мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды;

мемлекеттік тікелей міндеттемелерді;

шығыстардың көлемі бойынша негіздемелерді талап ететін мемлекеттік міндеттемелерді қамтиды.

Күрделі шығындар:

мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты күрделі шығындарды;

ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты күрделі шығындарды қамтиды.

Бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары:

республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстарды;

төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттерін қамтиды."

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне жіберілуін қамтамасыз етсін;

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 5 қаңтардағы
№ 4 Бұйрығына
1 қосымша
Бюджеттік өтінімді жасау
және ұсыну қағидаларына
23-қосымша
01-123-нысан

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысы мөлшерін есептеу

	Кодтары
Жылы	
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)	
Функционалдық топ	
Бағдарламалардың әкімшісі	
Мемлекеттік мекеме	
Бағдарлама	
Ерекшелік	

Көлік құралының түрі	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері *	Алматы облысы	Түркістан облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Қостанай облысы	Қарағанды облысы	Солтүстік Қазақстан облысы
		Көлік құралдарының саны	Көлік құралдарының саны	Көлік құралдарының саны	Көлік құралдарының саны	Көлік құралдарының саны	Көлік құралдарының саны
1	2	3	4	5	6	7	8
Өлшем бірлігі	коэффициент.	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік
Жеңіл							
7 жылға дейінгі жеңіл автомобильдер							
7 жылдан жоғарғы автомобильдер							
16 жолаушы орыны бар автобустар							
16 жолаушы орыны бар автобустар (7 жылға дейінгі)							
16 жолаушы орыны бар автобустар (7 жылдан жоғарғы)							
16-дан аса жолаушы орны бар автобустар							
16-дан аса жолаушы орны бар автобустар (7 жылға дейінгі)							
16-дан аса жолаушы орны бар автобустар (7 жылдан жоғарғы)							
Жүк							

Жүк (7 жылға дейінгі)							
Жүк (7 жылдан жоғарғы)							
Троллейбус тар, трамвайлар							
Троллейбус тар, трамвайлар (7 жылға дейінгі)							
Троллейбус тар, трамвайлар (7 жылдан жоғарғы)							
Мототранспорт							
Мототранспорт (7 жылға дейінгі)							
Мототранспорт (7 жылдан жоғарғы)							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер)							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер) 7 жылға дейінгі							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер) 7 жылдан жоғарғы							
Жиыны	x						

кестенің жалғасы

[illegible]

9	10	11	12	13	14	15	16
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік

кестенің жалғасы

Абай облысы	Жетісу облысы	Ұлытау облысы	Алматы қаласы	Астана қаласы	Шымкент қаласы	Жарна сомасы ***
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	
17	18	19	20	21	22	23
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	мың теңге

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/

мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-

экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Ескертпе:

* Осы баған "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына сәйкес толтырылады;

** Осы баған былайша есептеледі: ((1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 3)+(1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 4)+(1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 5)+(1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 6)+(1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 7)+(1,9 x баған 2 x көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенті x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенті (

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 5 қаңтардағы
№ 4 Бұйрығына
2 қосымша
Бюджеттік өтінімді жасау
және ұсыну қағидаларына
24-қосымша
02-123-нысан

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу

Кодтары

Жылы	
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)	
Функционалдық топ	
Бағдарламалардың әкімшісі	
Мемлекеттік мекеме	
Бағдарлама	
Ерекшелік	

Көлік құралының түрі	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының коэффициент мөлшері *	Алматы облысы	Түркістан облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Қостанай облысы	Қарағанды облысы	Солтүстік облысы
		көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны
1	2	3	4	5	6	7	8
Өлшем бірлігі	коэффициент	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік
Жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар:							
жолаушылар орны 4-ке дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін, қосалғанда							

жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 30-дан көп							
Трамвайлар, троллейбустар							
Жиыны	x						

кестенің жалғасы

Ақмола облысы	Павлодар облысы	Жамбыл облысы	Ақтөбе облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қызылорда облысы	Атырау облысы	Маңғыстау облысы
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны
9	10	11	12	13	14	15	16
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік

кестенің жалғасы

Абай облысы	Жетісу облысы	Ұлытау облысы	Алматы қаласы	Астана қаласы	Шымкент қаласы	Жарна сомасы **
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	
17	18	19	20	21	22	23
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	мың теңге

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/

мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Ескертпе:

* Бұл баған "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына сәйкес толтырылады;

** Бұл баған былайша есептеледі: $((2\text{-баған} \times 3\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 4\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 5\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 6\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 7\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 8\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 9\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 10\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 11\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 12\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 13\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 14\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 15\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 16\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 17\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 18\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 19\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 20\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 21\text{-баған}) + (2\text{-баған} \times 22\text{-баған})) \times \text{айлық есептік көрсеткіш} / 1000$.